

## 2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 308 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 5279 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 9 137 389,6 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 1 084 680 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 45 393 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 27 703,8 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 7 979 612,8 мың теңге;
- 2) шығындар – 9 260 125,3 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 52 205 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттер – 98 626 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 46 421 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 9 825 мың теңге;
  - қаржы активтерін сатып алу – 9 825 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -184 765,7 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 184 765,7 мың теңге;
  - қарыздар түсімі – 98 626 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 46 421 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 132 560,7 мың теңге.

**Ескерту.** 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 19.02.2016 № 329; 12.04.2016 № 9; 22.06.2016 № 19; 13.09.2016 № 28; 08.11.2016 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады) шешімдерімен.

2. 2016 жылғы аудандық бюджетке кірістерді бөлу нормативі 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап төмендегідей көлемінде белгіленгені ескерілсін:

1) 101.201 "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" және 101.205 "Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы" кодтары бойынша 86,6%, облыстық бюджетке 13,4%;

2) 101.202 "Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша 100%, облыстық бюджетке 0%;

3) 103.101 "Әлеуметтік салық" коды бойынша 76,4%, облыстық бюджетке 23,6%.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 13.09.2016 № 28 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).**

3. 2016 жылға аудандық бюджетке берілетін субвенция көлемі 4 007 637 мың теңге болып белгілені ескерілсін.

4. 2016 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін:

1) білім беруге – 44 781 мың теңге, оның ішінде жаңадан іске қосылған білім нысандарын ұстауға – 8 816 мың теңге, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар кабинеттерін ұстауға – 7 015 мың теңге, патронаттық тәрбиелеу шығындарына – 1 607 мың теңге, жалпы білім беру мектептерінде оқушылардың саны көбеюіне байланысты класс-комплектерін ұлғайтуға – 8 481 мың теңге, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуге – 11 902 мың теңге, 1 сынып оқушыларын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуге – 6 960 мың теңге;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, Екінші дүниежүзілік соғысы кезінде концлагерлердің жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен әскери міндеттерді мінсіз орындағаны үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға сауықтыруға біржолғы материалдық көмекке – 891 мың теңге;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде 6 ай жұмыс істеген адамдарға коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу бойынша әлеуметтік көмекке – 33 406 мың теңге;

4) өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтық осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсетуге – 25 325 мың теңге;

5) туберкулез ауруынан емделіп сүйемелдеу сатысында жүрген науқастарға әлеуметтік көмекке – 14 211 мың теңге;

6) лейкоз және анемия ауруларымен ауыратын балаларға әлеуметтік көмекке – 968 мың теңге;

7) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруды қоса қаржыландыруға – 3 952 мың теңге, оның ішінде "Инватакси" қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін қоса қаржыландыруға – 3 197 мың теңге, мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнату үшін қоса қаржыландыруға – 54 мың теңге, мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғыларымен жарақтау үшін қоса қаржыландыруға – 701 мың теңге;

8) жаңадан іске қосылған мәдениет нысандарын ұстауға – 6 599 мың теңге;

9) спорт мектептерінің ұстау шығындарын аудан деңгейіне берілуіне байланысты – 52 806 мың теңге;

10) спортты дамытуға – 12 543 мың теңге;

11) алынып тасталды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 12.04.2016 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).

12) мемлекеттік қызметшілер штаты санының ұлғаюына байланысты – 2 407 мың теңге;

13) Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі Е.Көшербаев көшесін күрделі жөндеуге – 77 651 мың теңге;

14) Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі 12 көшені орташа жөндеуге – 44 569 мың теңге;

15) Байқоңыр қаласындағы 6 мектеп және 1 балабақшаның жылу жүйесін газға ауыстыру үшін – 20 573 мың теңге.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 12.04.2016 № 9; 22.06.2016 № 19; 13.09.2016 № 28; 08.11.2016 № 46 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады) шешімдерімен.

4-1. 2016 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттер қаралғаны ескерілсін:

1) "Қармақшы ауданы Жосалы кентінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және жайластыру" жобасын қоса қаржыландыруға – 66 989,1 мың теңге;

2) Қармақшы ауданындағы Қараөзек арнасының "Қожатай" учаскесінде габионнан жасалған су тоспасына – 5 000 мың теңге.

Ескерту. Шешім 4-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 13.09.2016 № 28; өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы

Қармақшы аудандық мәслихатының 08.11.2016 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады) шешімдерімен

5. 2016 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен мынадай мөлшерде ағымдағы нысаналы трансферттердің қаралғаны ескерілсін:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 450 933 мың теңге;

2) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға – 20 746 мың теңге, оның ішінде "Инвотакси" қызметін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – 1 621 мың теңге, мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейтуге – 17 993 мың теңге, мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға – 81 мың теңге, мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғыларымен жарақтауға – 1 051 мың теңге;

3) агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға – 8 167 мың теңге;

4) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға – 3 797 мың теңге;

5) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға – 90 413 мың теңге;

б) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сонымен қатар оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге – 1 337 770 мың теңге;

7) Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге – 1 588 104 мың теңге;

8) жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге – 68 195 мың теңге;

9) Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге – 3 092 мың теңге.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 19.02.2016 № 329; 12.04.2016 № 9; 08.11.2016 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады) шешімдерімен.**

6. Ауылдық елді мекендердегі мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы төлеуге 57 мың теңге сомасында қаралғаны ескерілсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 08.11.2016 № 46 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).

6-1. 2016 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттерге – 98 626 мың теңге қаралғаны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 19.02.2016 № 329 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).

6-2. 2015 жылы республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 48 361,3 мың теңгені облыстық бюджетке қайтару ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 19.02.2016 № 329 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).

6-3. 2015 жылы облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 3 179,2 мың теңгені облыстық бюджетке қайтару ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-3-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 19.02.2016 № 329 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).

6-4. Электронды құжатайналымы бірыңғай жүйесінің орталықтандырылуына байланысты 2016 жылға арналған аудандық бюджеттен облыстық бюджетке 7 223 мың теңгені қайтару көзделсін.

Ескерту. Шешім 6-4-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 19.02.2016 № 329 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).

6-5. Жергілікті мемлекеттік басқарудың құрылымына өзгерістер енгізілуіне байланысты 2016 жылға арналған аудандық бюджеттен облыстық бюджетке 918 мың теңгені қайтару көзделсін.

Ескерту. Шешім 6-5-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 12.04.2016 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).

6-6. Бейне конференциялық мәжілістерінің байланыс шығындарының орталықтандыруға байланысты 2016 жылға арналған аудандық бюджеттен облыстық бюджетке 525,6 мың теңгені қайтару көзделсін.

**Ескерту. Шешім 6-6-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 22.06.2016 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады).**

7. 2016 жылға жеке тұлғаларға ауылдық елді мекендердегі мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілген бюджеттік кредиттердің өтеуі 46 421 мың теңге көлемінде белгіленсін.

8. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2016 жылға арналған резерві 4 934 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 08.11.2016 № 46 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады ).**

9. 2016 жылға арналған аудандық бюджеттің бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бағдарламаларының тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

10. 2016 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2016 жылға арналған аудандық бюджеттен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттердің кенттер, ауылдық округтер арасындағы бөлінісі 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қармақшы аудандық  
мәслихатының кезекті  
45-сессиясының төрағасы  
\_\_\_\_\_ О. Бодыбаев

Қармақшы аудандық  
мәслихатының хатшысы

\_\_\_\_\_ М. Наятұлы  
Қармақшы аудандық мәслихатының  
2015 жылғы "23" желтоқсандағы  
№ 308 шешіміне 1-қосымша

## **2016 жылға арналған аудандық бюджет**

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 08.11.2016 № 46 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен**

бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таралады ).

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
	Ішкі сыныбы		
		Атауы	
		1.Кірістер	9137389,6
1		Салықтық түсімдер	1084680
	01	Табыс салығы	431422
	2	Жеке табыс салығы	431422
	03	Әлеуметтік салық	269768
	1	Әлеуметтік салық	269768
	04	Меншікке салынатын салықтар	340829
	1	Мүлікке салынатын салықтар	244650
	3	Жер салығы	5603
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	90498
	5	Бірыңғай жер салығы	78
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	31811
	2	Акциздер	4878
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3866
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	23067
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	10850
	1	Мемлекеттік баж	10850
2		Салықтық емес түсімдер	45393
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6510
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	19
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6392
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	57
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	42
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2350
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2350
2	06	Өзге де салықтық емес түсімдер	36533
	1	Өзге де салықтық емес түсімдер	36533
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	27703,8

01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1004
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1004
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	26699,8
	1	Жерді сату	22981,8
	2	Материалдық емес активтерді сату	3718
4		Трансферттердің түсімдері	7979612,8
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	7979612,8
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	7979612,8
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
	2.Шығындар		9260125,3
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	685153,1
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	25126
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25126
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	130820,4
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	130600,4
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	220
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	310813,7
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	306351,7
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	262
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4200
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	24121
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22741
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1258
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	122
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	23812
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23812
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	22379
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22379



472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	59009
	040 Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	59009
493	Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	19153
	001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19153
801	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу бөлімі	69919
	001 Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	69919
02	Қорғаныс	18348
122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	18348
	005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	18348
03	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1025
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1025
	021 Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1025
04	Білім беру	6648830,3
123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	998516
	004 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	678080
	005 Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	8667
	041 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	311769
464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5554329,3
	001 Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28546
	003 Жалпы білім беру	3584709,3
	005 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	40746
	006 Балаларға қосымша білім беру	151106
	007 Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1717
	012 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	297
	015 Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	15317
	029 Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	9759
	040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	117875
	054 Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1588104

	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	14653
	068	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету	1500
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	67606
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	67606
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	28379
	022	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5656,5
	037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	22722,5
05		Денсаулық сақтау	176
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	176
	002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	176
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	524333,3
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	39547,9
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	26108
	026	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету	13439,9
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2331
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2331
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1270,7
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	1270,7
801		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу бөлімі	481183,7
	004	Жұмыспен қамту бағдарламасы	19684
	006	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	23916,6
	007	Тұрғын үйге көмек көрсету	96515
	009	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4809
	010	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	6617,1
	011	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	87304
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	48266
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	104008
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	76792
	018	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1479

	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	1066
	025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	5909
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	4818
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	198326,8
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	80419
	007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2894,4
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4796
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7183,7
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	57706,4
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1281,9
	027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	6556,6
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	42828,3
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	605
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3332
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	22549,6
	017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	398,3
	041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	2521,4
	049	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	300
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	13122
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1191,4
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	1191,4
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	73888,1
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	67888,1
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	5500
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	500
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	519182
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	151576
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	151576
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	245521
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15130
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	85881
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	68481

	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	524
	009	Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды және оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету	75505
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	31173
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19387
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	5456
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	3860
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2470
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	90912
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10462
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	12543
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1773
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	66134
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	168293,2
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	55601
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21095
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	34506
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14936
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14936
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	97756,2
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23170
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	529,7
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2634
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	310,5
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	5104
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1750
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	64258
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	95943
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	95943
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	95943
12		Көлік және коммуникация	200644,7

123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	172033,7
013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	16579,5
045	Елді мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	155454,2
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	28611
023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	28611
13	Басқалар	54369
123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	48242
040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	48242
452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4934
012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	4934
493	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	1193
006	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	1193
14	Борышқа қызмет көрсету	57
452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	57
013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	57
15	Трансферттер	145443,9
452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	145443,9
006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	53666,3
024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8666,6
051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	83111
	3. Таза бюджеттік кредит беру	52205
	Бюджеттік кредиттер	98626
462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	98626
008	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	98626
5	Бюджеттік кредиттерді өтеу	46421
01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	46421
1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	46421
	4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	9825
	Қаржы активтерін сатып алу	9825
13	Басқалар	9825
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9825
065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	9825

		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-184765,7
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	184765,7
7		Қарыздар түсімі	98626
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	98626
		2 Қарыз алу келісім-шарттары	98626
16		Қарыздарды өтеу	46457,4
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	46457,4
		008 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	46421
		021 Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	36,4
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	132597,1
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	132597,1
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	132597,1

Қармақшы аудандық мәслихатының  
2015 жылғы "23" желтоқсандағы  
№ 308 шешіміне 2-қосымша

## 2017 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
Атауы			
		1.Кірістер	5124351
1		Салықтық түсімдер	1098001
	01	Табыс салығы	421177
		2 Жеке табыс салығы	421177
	03	Әлеуметтік салық	273138
		1 Әлеуметтік салық	273138
	04	Меншікке салынатын салықтар	352786
		1 Мүлікке салынатын салықтар	253085
		3 Жер салығы	6417
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	92919
		5 Бірыңғай жер салығы	365
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	40903
		2 Акциздер	6360
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3100
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	31133
		5 Ойын бизнесіне салық	310
	07	Басқа да салықтар	50
		1 Басқа да салықтар	50
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	9947

	1	Мемлекеттік баж	9947
2		Салықтық емес түсімдер	11513
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3683
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3631
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	52
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2100
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2100
	06	Өзге де салықтық емес түсімдер	5730
	1	Өзге де салықтық емес түсімдер	5730
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7200
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	7200
	1	Жерді сату	5100
	2	Материалдық емес активтерді сату	2100
4		Трансферттердің түсімдері	4007637
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4007637
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4007637
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2.Шығындар	5124351
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	569065
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19514
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19514
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	215996
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	107384
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	108612
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	221839
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	221839
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	15735
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15735
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	18612

	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18612
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15374
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15374
493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	13806
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13806
801		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу бөлімі	48189
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48189
02		Қорғаныс	2746
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2746
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2286
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	460
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2123
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2123
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2123
04		Білім беру	3303443
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	534985
	004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	526505
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	8480
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2768458
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20460
	003	Жалпы білім беру	2607950
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	21655
	006	Балаларға қосымша білім беру	101239
	007	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1837
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	15317
05		Денсаулық сақтау	201
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	201



	002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	201
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	364554
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	36659
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	15966
	026	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету	20693
	801	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атілерін тіркеу бөлімі	327895
	004	Жұмыспен қамту бағдарламасы	4989
	006	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	24734
	007	Тұрғын үйге көмек көрсету	121685
	009	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4167
	010	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4881
	011	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	16049
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	28949
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	89648
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	29926
	018	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2867
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	256167
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	85074
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	29335
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	9918
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	45821
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	171093
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3601
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	167192
	049	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	300
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	348717
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	129488
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	129488
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	143558
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12026
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	62932
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	48375

	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	561
	009	Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды және оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету	19664
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	23206
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12579
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	5726
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	4901
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	52465
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7798
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1897
	007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	42770
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	140100
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	49145
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16093
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	33052
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	11486
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11486
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	79469
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10603
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	3000
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2818
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2700
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	4287
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	803
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	55258
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	28937
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	15035
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15035
468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	13902
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13902
12		Көлік және коммуникация	28611

458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	28611
	023 Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	28611
13	Басқалар	79635
452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	31024
	012 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	31024
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	48242
	040 "Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	48242
493	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	369
	006 Кәсіпкерлік қызметті қолдау	369
14	Борышқа қызмет көрсету	52
452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	52
	013 Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	52
15	Трансферттер	0
	3. Таза бюджеттік кредит беру	-46421
	Бюджеттік кредиттер	0
5	Бюджеттік кредиттерді өтеу	46421
	01 Бюджеттік кредиттерді өтеу	46421
	1 Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	46421
	4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
	Қаржы активтерін сатып алу	0
	5. Бюджет тапшылығы (профициті)	46421
	6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	-46421
7	Қарыздар түсімі	0
	01 Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
	2 Қарыз алу келісім-шарттары	0
16	Қарыздарды өтеу	46421
452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	46421
	008 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	46421
8	Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01 Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Қармақшы аудандық мәслихатының  
2015 жылғы "23" желтоқсандағы  
№ 308 шешіміне 3-қосымша

## 2018 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты	
Сыныбы	

Ішкі сыныбы		Сомасы , мың теңге
	Атауы	
	I.Кірістер	5162324
1	Салықтық түсімдер	1135254
01	Табыс салығы	431960
2	Жеке табыс салығы	431960
03	Әлеуметтік салық	282258
1	Әлеуметтік салық	282258
04	Меншікке салынатын салықтар	368332
1	Мүлікке салынатын салықтар	260801
3	Жер салығы	6858
4	Көлік құралдарына салынатын салық	100303
5	Бірыңғай жер салығы	370
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	42473
2	Акциздер	6470
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3200
4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	32483
5	Ойын бизнесіне салық	320
07	Басқа да салықтар	53
1	Басқа да салықтар	53
